ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ

ІЗДЕНІСТЕР, НӘТИЖЕЛЕР 2019 № 3(83) ИССЛЕДОВАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ

ТОҚСАН САЙЫН ШЫҒАРЫЛАТЫН ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
1999 ж. **ШЫҒА БАСТАДЫ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ, ВЫПУСКАЕМЫЙ ЕЖЕКВАРТАЛЬНО **ИЗДАЕТСЯ** С 1999 г.

ШІЛДЕ-ҚЫРКҮЙЕК

ИЮЛЬ-СЕНТЯБРЬ

• ВЕТЕРИНАРИЯ И ЖИВОТНОВОДСТВО
• ЗЕМЛЕДЕЛИЕ, АГРОХИМИЯ, КОРМОПРОИЗВОДСТВО, АГРОЭКОЛОГИЯ, ЛЕСНОЕ ХОЗЯЙСТВО
• МЕХАНИЗАЦИЯ И ЭЛЕКТРИФИКАЦИЯ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
• ПЕДАГОГИКА
• ЭКОНОМИКА

АЛМАТЫ, 2019

Әлпейісов Ш.А.

ТҰҚЫ БАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫНА ӘРТҮРЛІ ТІРІ ЖЕМДЕРМЕН АЗЫҚТАНДЫРУДЫҢ ӘСЕРІ

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

Аңдатпа

Мақалада балықтарға жауын құрттарын, үй шыбыны мен ұн қоңызы дернәсілдерін тірі жем ретінде қолдануды бағалау бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері келтірілген.

Зерттеу нәтижесінде, балықтарды жауын құрттарымен азықтандырудың перспективасы бар екені анықталды. Балықтарды 20% құрама жемнен және 80% жауын құрттарынан тұратын азықтық қоспасымен азықтандырғанда, олардың тірілей салмағының тек қана құрама жем бергендермен салыстырғанда 7-8%-ға дейін өсетінін көрсетеді.

Қожалық шаруашылықтарда балықтарды азықтандыру объектісі ретінде жауын құрттарын пайдалану, органикалық қалдықтарды кәдеге жаратуға және өсірілетін балықтардың өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: тұқы, аквариум, құрама жем, жауын құрттары, үй шыбындары, балықтардың өсуі, дамуы, өсімі, тірілей салмағы.

THE INFLUENCE OF DIFFERENT TYPES OF LIVE FEED ON THE GROWT HANDDEVELOPMENT OF CARP FISH

Alpeisov Sh.A.

Kazakh National Agrarian University, Almaty

Abstract

In the article the results of evaluation studies of earthworms, larvae and housefly larvae of the flour beetle as prey for cyprinid fish.

According to the results of studies, it is noted that the most promising when feeding fish is the use of earthworms as feed. The feed mixture of 20% feed and 80% of living earthworms results in increased liveweight gain by 7-8% in comparison with the groups where fish were fed only forage.

The use of earthworms as a fodder object in farms can solve the problem of recycling organic waste and reduce the cost of fish grown.

Keyword: carp, aquarium, animal feed, earthworms, house flies, growth, development, growth, live weight.

ӘОЖ 636.32/38.082/43

ТАРАЗ ӨҢІРІНДЕ ӨСІРІЛЕТІН АҚТОҒАЙ ҚОЙЛАРЫНЫҢ ЖҮН ӨНІМДІЛІГІ БЕЛГІЛЕРІНІҢ ӨЗГЕРГІШТІГІ

Бегімбеков Қ.Н.[1], Төреханов А.Ә.[2], Джапарова А.К.[3], Есжанов Н.Б.[1], Асанов Б.Ұ.[1]

[1]Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.,
[2]С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
[3]Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

Аңдатпа

1990-2000 жылдардағы экономикалық тоқыраудан дегерес қойларының саны да, сапасы да күрт төмендеп, тұқым ретінде жойылып кетуге аз қалған еді. Алайда, біздің

(Қ.Н.Бегімбековтің) және жергілікті мамандардың тұқымды сақтап қалуға бағытталған қажымас еңбегінің нәтижесімен соңғы 15-20 жылда Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында «Жамшы», «Сәрсенбек», «Бабатай», «Шорманов» атты, Алматы облысының Панфилов ауданында «МҚС-Ақбоз» атты, әрқайсысы 5-6 шаруа қожалықтарын біріктірген 5 селекциялық қауымдастық құрылып, оларда «Ақтоғайдың ақ қойы» аталған 30 мың бас тұқымдық дегерес қойымен селекциялық-асылдандыру жұмыстары тынбай жүргізіліп, бұл шаруашылықтардың бәрі «асыл тұқымды шаруашылық» санатына өткізілген-ді. Бұлар жылына 5000 басқа дейін ұрғашы мал сатып, республикадағы асыл тұқымды қой үлесін арттыруға қомақты үлес қосып отыр. Сондықтан, Ақтоғайдың ақ қойларын Тараз өңіріне әкеп өсіру барысындағы олардың жүн өнімділігі белгілерінің өзгергіштігін зерттеуді мақсат тұтқан бұл жұмыстың практикалық құндылығы өте жоғары. Бұл мақалада дегерес қойы тұқымының ұяң жүнді Ақтоғай популяциясының жүн өнімділігі белгілерінің көрсеткіштері Тараз өңірінде өсіру барысында тұқым стандартынан едәуір артық болатыны дәлелденеді.

Кілт сөздер: ұяң жүнді қой, ақтоғай популяциясы, жүн түсімі, ұзындығы.

Кіріспе

Бүгінде Қазақстанда өсіріліп отырған отандық 17 қой тұқымының негізгілерінің бірі болып табылатын дегерес етті-жүнді тұқымын жетілдіру жұмыстары бұл тұқымды шығару мен қалыптастыру тарихында үзбей жүргізіліп келеді. Бұл жұмыспен қазіргі Қазақтың ұлттық аграрлық университетінің «Технология және биоресурстар» факультетіне қарайтын «Малшаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасының ғалымдары айналысады.

Дегерес етті-жүнді тұқымының басты ерекшелігі сол – ол қазақы қойдың құйрығы мен біркелкі ақ, биязылау және ұяң жүнді қасиеттерді тиімді ұштастырған дүние жүзі қой шаруашылығында кездеспейтін бірден-бір ерекше қой тұқымы. Яғни, дегерес қойлары 2 бағытта жүн береді. Біріншісі – биязылау кроссбредті және кроссбредд типтес жүн (46-56 сапада), екіншісі – ұяң жүн. Екі бағыттағы жүн де өте құнды болып саналады. Дегерес қойының беретін жүні биязы жүнді қой тұқымдарынікіне қарағанда аздау болғанымен, оның таза жүн түсімі жоғары, шығымы 60-75% аралығында [1].

«Дегерес етті-жүнді тұқымының» қаны басым қойлар бүгінде Жер шарының көптеген жерлерінде өсіріледі. Өйткені олар сыртқы ортаның қатал жағдайларына төзімділігі, маусымдық жайылымдарды жыл бойы пайдалануға бейімділігі жағынан қазақтың жергілікті құйрықты қойларынан қалыспайды .

Қазақстанның көптеген жерлерінде дегерес қойын өсіріп отырғаны және бұл малды сатып алушы шаруашылықтар саны соңғы оншақты жылдан бері жылма-жыл көбейіп, жалпы бұл тұқым қойларының саны артып отырғаны белгілі. 2019 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша Қазақстандағы дегерес қойларының жалпы саны 200 мың бас шамасында болды. Оның негізгі бөлігі – 180 мың бас немесе 90%-ы Орталық Қазақстанның шаруашы-лықтарында өсіріледі. Атап айтқанда, Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында – 150 мың бас немесе 75%-ы, Шет, Қарқаралы аудандарында – 25 мың бас немесе 12,5%-ы, өсіріледі. Қалған бөлігі – 20 мың бас немесе 10%-ы Алматы облысының шаруашылықтарында өсіріледі. Атап айтқанда, Балқаш ауданында – 6 мың бас немесе 3%-ы, Жамбыл ауданында – 4 мың бас немесе 2%-ы, Панфилов ауданында – 10 мың бас немесе 5%-ы өсіріліп отыр. Дегерес етті-жүнді тұқымының қойларының таңдаулы отарлары Алматы облысының «Күнгей», «Мәди», «Ынтықбай», «МКС-Ақбоз» асыл тұқымды шаруашылықтарында, Қарағанды облысының «Бабатай», «Сәрсенбек», «Шорманов», «Жамшы» асыл тұқымды шаруашылықтар қауымдастықтарында өсіріліп келеді [2].

Дегерес қойларының негізгі бөлігін өсіретін Орталық Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтарына қолайлы мал ретінде соңғы қырық жылдан бері бұл тұқымның ұяң жүнді малына көп көңіл бөлініп келеді. Олардың сапасын әрі қарай арттыру үшін алай, тәжік, еділбай, сарыарқа тұқымды қошқарларымен мақсатты будандастырулар қолданылып, нәтижесінде сол өңірге тән ерекшеліктері бар «Ақтоғай популяциясы» қалыптасқан. Әртүрлі тұқымдарды пайдалану нәтижелерінің қалдықтары ретінде бұл популяцияда «шұбар бет», «дөң мұрын», «салпаң құлақ», «шұнақ құлақ», «шу асау» сияқты ерекшеліктері бар кейбір қойлардың кездесуі

– ұнамды типтегі тұқымдық мал үшін кемшілік ретінде саналмайды. Тіпті, мұндай ерекшеліктердің кейбірі осы тұқыммен жүргізілетін селекцияда жанама сұрыптау белгілері ретінде қолданылып келеді.

Ал, биязылау жүнді малға осы мерзімде селекцияның, көбінесе тұрақтандырушы сұрыптау, ұнамды тип белгілерін нәсілінде бекіту сияқты тұқымды таза өсірудің әдіс-тәсілдері қолданылды [3].

Әрі дәмді қой етін, әрі аппақ түсті сапалы ұяң және, тіпті биязылау жүн беретін дегерес тұқымының өсіру аймақтарын ұлғайтуға бағытталған ғылыми зерттеулердің маңызы үлкен. Сондықтан Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы асылтұқымды шаруашылықтардан сатып алған дегерес қойларын Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы «Тұрлықұлов Ж.» шаруашылығына әкеп өсіру нәтижесіндегі олардың жүн өнімділігі белгілерінің өзгергіштігін зерттеуді мақсат тұтқан бұл жұмыстың өзектілігі жоғары болып табылады.

Зерттеу нысандары мен әдістемелері

Ғылыми зерттеу нысаны ретінде Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы «Тұрлықұлов Ж.» шаруашылығында өсірілетін дегерес тұқымды ұяң жүнді қойлардың жүн өнімділігі белгілерінің малдың жасына және жынысына қарай өзгергіштігі болды. Ғылыми-зерттеу әдістемелері ретінде дегерес қойларының өнімділігін бағалау нұсқаулығы [4] мен зоотехнияда бұрыннан қалыптасып қалған сұрыптаудың селекциялық-генетикалық параметрлерін анықтау әдістемелері [5] қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Дегерес қойының басында, тұмсығы мен құлағында, құлақ қалқандарының төменгі ұштарын қосатын сызыққа дейін және сирақтарында жылтыр да қысқа, көбінесе түсті қылшық жабын жүн өседі. Қозыларының тек тұмсығын, аяқтары мен құлақтарын жауып тұратын жабын жүні ғана олардың онтогенезіндегі барлық кезеңдерінде бастапқы түсін сақтайды (яғни қоңыр, қызғылт, ақшыл сары, көкшіл, сұр, ала), ал жабын жүні ақ боп туған қозылар – сол ақ түсін қалдырады. Қара түсті мал таза тұқымды дегерес қойында кездеспейді [6].

Дегерес қойының жабын жүнінен басқа, бүкіл денесін жабағы жүні жауып тұрады. Жабағы жүні ақ, ақсұр түсті болып келеді. Жаңа туылған қозыларының жабағы жүні көбінесе әр түсті (қоңыр, қызғылт, ақшыл сары, көкшіл), кейде ала-құла болып, таза ағы өте сирек кездеседі, өсе келе көпшілігінің жүнінің түсі өзгеріп ағара түседі де, алғашқы жүнін қырқып алғаннан кейінгі жабағы жүні ақ болып шығады [7].

Жабағысының құрамында 50-60% түбіт, 25-30% аралық, 10-20% қылшық жүн талшықтары кездеседі. Денесінің әртүрлі топографиялық бөлігіндегі жабағы жүнінің құрамындағы әртүрлі жүн талшықтарының (түбіт, аралық, қылшық жүн талшықтары) шегіндегі ұзындығы, жіңішкелігі, тығыздығы, көбінесе, біркелкі (немесе біркелкілігі жеткілікті дәрәжеде) болады [8].

Ұяң жүнді дегерес қойының жүн талшықтары балағына, сауырына, бауырына қарай сәл жуандауы мүмкін. Түбіт жүнінің ұзындығы 6-13 см, қылшық жүнінің ұзындығы 12-30 см немесе одан ұзын болады.

Дегерес қойының терісінің белгілі бір ауданының бірлігіне ($см^2$, $мм^2$) есептегендегі жүн талшықтарының саны жеткілікті мол, яғни тығыз, бірақ бұл көрсеткіш әр малда әртүрлі деңгейде болады.

Ұяң жүнді дегерес қойының жүнін шайыр майлап тұрады. Бұл қойлардың жүнінің шайыры – мал терісінде орналасқан май және тері бездері бөліп шығарған заттардың қоспасы, жүнінің түбінен (терінің бетінен) 3-4 см биіктікке дейін байланады және жүннің сапасы мен қасиеттерін сақтауда осындай аз ғана болса да шайырдың зор маңызы бар. Жүнінің шайырының түсі әртүрлі болады – ашық сары түстен қою сары түске дейін (жыл мезгіліне, ауа райының әсеріне, малдың қоңдылығына, жүнінің тығыздығына, біртектілігіне қарай) ауытқиды және, көбінесе, ақшыл сары түсті болып келеді.

Жануарлардың жүн жамылғасының өсіп-дамуына, сондай-ақ денесін жабатын жүннің белгілі бір түрінің қалыптасуына айтарлықтай әсер ететін факторлардың қатарына олардың тұқымы мен тұқым қуалайтын жеке ерекшеліктері жатады. Сонымен қатар, олардың

жынысындағы айырмашылықтар, физиологиялық күйі, жасы, климаттық факторлардың жиынтығы және азықтандыру жағдайлары айтарлықтай әсер етеді [9-13].

1-кестедегі деректерден «Тұрлықұлов Ж» шаруашылығының ұяң жүнді сақа қошқарларынан орта есеппен әр басқа шаққанда 4,3 кг жабағы жүн қырқылғанын көруге болады. Бұл көрсеткіш тұқым стандарты бойынша элита класты қошқарларға қойылатын ең төменгі талаптан (4 кг) 0,3 кг немесе 7,5%, ал I класты қошқарларға қойылатын ең төменгі талаптан (3,5 кг) 0,8 кг немесе 22,9% асып түседі. Ал ұяң жүнді сақа саулықтардан орта есеппен әр басқа шаққанда 3,1 кг жабағы жүн қырқылса, бұл көрсеткіш тұқым стандарты бойынша элита класты саулықтарға қойылатын ең төменгі талаптан (2,8 кг) 0,3 кг немесе 7,1%, ал I класты қошқарларға қойылатын ең төменгі талаптан (2,5 кг) 0,6 кг немесе 24% артық **(1-кесте).**

Сақа қошқарлардың таза жүн шығымы (70%) да, саулықтардың таза жүн шығымы (68%) да осы бағыттағы қой тұқымдарының көрсеткіштерінен кем емес. Тіпті, бұл көрсеткіштер ұяң жүнді қой тұқымдарының ішінде жақсы көрсеткіштен саналады. Яғни, жуылған жүн шығымы (68-70%) бойынша бұл малдың көрсеткіштері қалыпты екені даусыз.

1-кесте. Сақа малдың қырқылған жүн түсімі мен таза жүн шығымы

Мал жынысы	Қырқылған жүн түсімі				Таза жүн шығымы, %
	n, бас	$\overline{X} \pm m_X$	σ, кг	C_V, %	
Аталық	14	4,3±0,19	0,72	16,8	68
Аналық	257	3,1±0,03	0,53	17,0	70

Еркек және ұрғашы мал топтарының қырқылған жүн түсімінің орташа көрсеткіштері бойынша айырмасы 1,2 кг немесе қошқарлары саулықтарынан 38,7%, (P>0,999) артық жүн берген және бұл айырмашылық статистикалық тұрғыда өте жоғары дәрежеде сенімді болып тұр.

Сонымен қатар, бұл малдың жүн өнімінің әлеуетінің де артық екенін айту қажет. Мысалы, дегерес қойы тұқымының қошқарлары мен саулықтарының қырқылған жүн түсімінің өзгергіштік көрсеткіштерін салыстыру арқылы, ұяң жүнді малда бұл көрсеткіштердің вариация коэффициенті (C_V) жалпы жоғары екенін байқауға болады. Ал бұл белгінің малдың жынысына қарай өзгергіштігіне көңіл бөлсек, ұяң жүнді малдың қырқылған жүн түсімінің вариация коэффициенттері өзара шамалас (16,8% және 17,0%) болғанын байқаймыз.

Бұдан, дегерес қойының жүн өнімінің генотиптік әлеуеті фенотипінде әжептәуір көбірек көрініс тапқан және көрсеткіштердің біркелкілігі едәуір қалыптасқан деуге негіз береді.

Сонымен қатар, бұл көрсеткіштер бойынша «Тұрлықұлов Ж» шаруашылығында өсірілетін ақтоғай қойларының жүн түсімі бойынша селекцияның әлі де мүмкіндігі жоғары екенін тұжырымдауға болады.

2-кестедегі деректерден ұяң жүнді дегерес қойының жүн ұзындығы бүгінгі күні айтарлықтай жоғары екенін байқауға болады **(2-кесте).**

Түбітінің орташа биіктігі 7-8 см, шумағының биіктігі 16-17 см. Әсіресе, аталық малдың жүні ұзындау – түбіті 8 см, шумағы 17 см биіктікке дейін көтеріледі және аталық пен аналық мал жүнінің ұзындығы бойынша 1 см-ге дейін айырмашылық – қалыпты жағдай болып есептеледі.

Бұл көрсеткіштер аталған мал топтары жалпы құйрықты қойлардың ішінде жүн ұзындығы бойынша ең алдыңғы қатарлардың бірінде екендігін мойындатады. Әрине, бұл – мақсатты селекцияның нәтижесі.

2-кесте. Сақа малдың жүн ұзындығының өзгергіштігі

Мал жынысы	n, бас	$\overline{X} \pm m_X$	σ, кг	C_V, %
Түбіт биіктігі				
Аталық	14	8,0 ±0,35	1,32	16,5
Аналық	257	7,0 ±0,08	1,22	17,4
Шумақ биіктігі				
Аталық	14	17,0 ±0,83	3,11	18,3
Аналық	257	16,0 ±0,19	3,02	18,9

Қорытынды

Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы «Тұрлықұлов Ж.» шаруашылығында өсірілетін дегерес тұқымды ұяң жүнді қойлардың жүн өнімділігінің негізгі белгілерінің көрсеткіштері жеткілікті дәрежеде жоғары және олардың деңгейін дұрыс селекция арқылы әлі де көтеру үшін оларды әдістемелік сұрыптау, мақсатты жұптау, жас кезінен бағыттап өсіру жұмыстарын жалғастыра беру қажеттілігі айқын.

Әдебиеттер тізімі

1. Бегімбеков Қ.Н. Ақтоғай қойы. Алматы: «Изд-во. ”Бастау”», 2012, -180 бет.
2. Асанов Б.Ұ., Есжанов Н.Б., Бегімбеков Қ.Н. Ақтоғай қойы №1705-«Ақсары» зауыттық аталықізінің негізгі селекциялық белгілерінің өзгергіштігі // ҚР жастар жылы аясында өткізілген «Аграрлық ғылымдағы жастар: жетістіктері мен келешегі» атты жас ғалымдар мен студенттердің XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Алматы. ҚазҰАУ. 26-27.04.2019 ж. 3-ші том. 20-24 беттер.
3. Бегембеков Қ.Н., Тұрлықұлов Ж.М. Биязылау жүнді Ақтоғай қойларын Тараз өңірінде өсіру барысындағы жүн өнімділігі белгілерінің өзгергіштігі. «Ғылым және білім» Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми-практикалық жорналы // «Мал шаруашылығының инновациялық дамуы» халықаралық форумына арналған арнайы шығарылым. ҚР. Орал қ. 10.10.2018 ж. 172-175 беттер.
4. Инструкции по бонитировке овец курдючных пород. Астана, 2014.
5. Бегімқұл Б.К. Биометрия. Оқулық. –Алматы, 2014.-347 бет.
6. Бегембеков Қ., Қадыкен Р., Муслимова Ж.У. Ақтоғай қойын сарыарқа тұқымымен кірістіре будандастыру нәтижелері // Материалы международной научно-практической конференции «Современные проблемы зоотехнии», посвященной памяти доктора с/х наук, профессора Муслимова Б.М. Костанай. 22 февраля 2018 года. –С. 417-422.
7. Баймәжі Е.Б., Турабеков М.Р. Дегерес қойының қан сары суының биохимиялық көрсеткіштері. «Ізденістер, нәтижелер». ҚазҰАУ журналы. 2018 ж. №2. 30-36 беттер.
8. Бегімбеков Қ.Н., Төреханов А.Ә., Байжұманов Ә. Мал өсіру және селекция. Оқулық. - Алматы, «Идан», 2012.
9. Саметова Ж., Рысбаев М.Б., Кулатаев Б.Т. Оңтүстік-шығыс Қазақстан өңірінде өсірілетін қазақтың құйрықты қылшық жүнді қозыларының өнімділігін арттырудың технологиясы. «Ізденістер, нәтижелер». ҚазҰАУ журналы. 2018 ж. №2. 116-122 беттер.
10. Есжанов Н.Б., Асанов Б.Ұ., Бегімбеков Қ.Н. Ақтоғай қойы №0806 - «Шұбарбет» зауыттық аталықізінің негізгі селекциялық белгілерінің өзгергіштігі // ҚР жастар жылы аясында өткізілген «Аграрлық ғылымдағы жастар: жетістіктері мен келешегі» атты жас ғалымдар мен студенттердің XXIII ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Алматы. ҚазҰАУ. 26-27.04.2019 ж. 3-ші том. 64-68 беттер.
11. Бегембеков К.Н. Дегересские овцы Центрального Казахстана. Монография. Алматы. ТОО «Нур-Принт», 2012, -С.96.
12. Бегімбеков Қ.Н., Есжанов Н.Б., Асанов Б.Ұ., Тұрлықұлов Ж.М. Ақтоғай қойының «Тұрлықұлов Ж» шаруашылығы жағдайындағы жүн өнімділігі // Материалы конференции молодых ученых «Актуальные вопросы фундаментальных и прикладных исследований в области ветеринарной медицины, биологии и биотехнологии». РК, г. Алматы. ТОО «КазНИВИ», 30 мая 2019 г. 65-том Трудов института. С.115-119.
13. Бегімбеков Қ.Н., Төреханов А.Ә., Габит Г.Г., Джапарова А.Қ., Есенгалиев К.Г., Есжанов Н.Б., Асанов Б.Ұ., Тұрлықұлов Ж.М. Тараз өңірінде өсірілген дегерес қойларының бір жасындағы жүн өнімділігі белгілерінің өзгергіштігі. Материалы III Международной научно-практической конференции «НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ: ВЫЗОВЫ XXI ВЕКА». РК, г. Нур-Султан (Астана), 10-12 июля 2019 г. VI том. С.116-120.

ИЗМЕНЧИВОСТЬ ПРИЗНАКОВ ШЕРСТНОЙ ПРОДУКТИВНОСТИ АКТОГАЙСКИХ ОВЕЦ, РАЗВОДИМЫХ В ТАРАЗСКОМ РЕГИОНЕ

Бегембеков Қ.Н[1]., Тореханов А.А[2]., Джапарова А.К[3]., Есжанов Н.Б[1]., Асанов Б.Ұ[1].

[1]Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы
[2]Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г. Нұр-Сұлтан
[3]Западно-Казахстанский аграрнотехнический университет им. Жангир хана, г. Уральск

Аннотация

От экономического спада 1990-2000 годов численность и качество дегересских овец резко снизилось и эта порода чуть не исчезла. Однако из-за кропотливой работы наших (К.Н. Бегембекова) и местных специалистов, направленной на сохранение породы, в последние 15-20 лет созданы 5 селекционных ассоциации – «Жамшы», «Сәрсенбек», «Бабатай», «Шорманов» в Актогайском районе Карагандинской области и «МҚС-Ақбоз» в Панфиловском районе Алматинской области, которые объединяют по 5-6 крестьянских хозяйств, с поголовьем 30 тысяч племенных «Актогайских белых овец», которые в результате регулярно проводимых селекционно-племенных работ переведены в статус «племенного хозяйства». Они ежегодно продают до 5000 голов племенных ярок-годовиков и вносят значительный вклад в увеличение племенного поголовья овец в стране. Поэтому практическая ценность данной работы очень высока.

В статье доказано, что при разведении овец Актогайской популяции дегересской породы в Таразской области показатели их пиизнаков шерстной продуктивности значительно превышают стандарты породы.

Ключевые слова: полугрубошерстные овцы, Актогайская популяция, настриг, длина шерсти.

VARIABILITY OF WOOL PRODUCTIVITY`S SIGNS OF AKTOGAY SHEEP, WHICH IS BRED IN TARAZ REGION

Begembekov K.N[1]., Torekhanov A.A[2]., Japarova A.K[3].,
Eszhanov N[1]., Asanov B[1].

[1]Kazakh National Agrarian University, Almaty
[2]Kazakh agrotechnical university. S.Seifullin, Nur-Sultan
[3]West-Kazakhstan Agrarian University Zhangir Khan, Uralsk

Abstract

From the economic downturn of 1990-2000, the number and quality of Degeres sheep has drastically decreased and this breed has almost disappeared. However, due to the hard work of ours (K.N. Begembekov) and local specialists aimed at preserving the breed, 5 breeding associations have been created in the last 15–20 years – «Zhamshy», «Sorsenbek», «Babatai», «Shormanov» in Aktogay district of Karaganda region and «MQS-Aqboz» in Panfilovsky district of Almaty region, which combine 5-6 farms, with a population of 30 thousand breeding "Aktogai white sheep", which as a result of regularly conducted breeding and breeding works were transferred to the status of «pedigree farms». They annually sell up to 5,000 heads of breeding yearlings and make a significant contribution to increasing the breeding population of sheep in the country. Therefore, the practical value of this work is very high. The article proved that when breeding sheep of the Aktogay population of the Degeres breed in the Taraz region, the indices of their wool productivity significantly exceed the breed standards.

Key words: semi-coarse wool sheep, Aktogay population, wool yield, length of wool.